

«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-де «Көркем көктем» маркетингтік акциясын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер.

- 1.1. Акцияның (бұдан әрі – Акция) ұйымдастырушысы Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Розыбакиев көшесі, 37-үй мекенжайында орналасқан «Birinshi Lombard» тауар белгісі бар «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС (бұдан әрі – Ломбард/Акцияны ұйымдастырушы) болып табылады.
- 1.2. Акцияның атауы: «Көркем көктем».
- 1.3. Осы «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-де «Көркем көктем» маркетингтік акциясын өткізу ережелері (бұдан әрі – ереже) Ломбардтың ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, бекітілген және барлық өнімдер бойынша Ломбард клиенттері арасында акцияны өткізу тәртібін айқындайды.
- 1.4. Акцияны өткізу ережелері мен шарттарымен төмендегі тәсілдермен танысуға болады:
 - Lombard.kz веб-сайты (бұдан әрі – сайт);
 - +7-708-708-70-84, +7-708-973-04-22 нөмірлері бойынша ақпараттық жедел желі арқылы (Қазақстан бойынша қоңырау шалу абоненттің тарифтік жоспарына сәйкес тарифтеледі);
 - ломбард бөлімшелерінің жанында таратылатын парақшалардан, жақын маңдағы сауда нүктелерінен (базарларда, СҮ және т.б.), сыртқы және ішкі баннерлерден.
- 1.5. Ломбардтың жауапты бөлімі жеңімпазды/-дарды анықтау әдісі ретінде, кіріктірілген алгоритмдер арқылы берілген, лимит шеңберінде кездейсоқ құрылған бір немесе бірнеше сандарды ұсынуға мүмкіндік беретін онлайн-қызметтерді пайдаланады, бұл жеңімпаздың субъективті анықталу факторын жоққа шығарады.
- 1.6. Рандомизатор бағдарламасының нәтижесі жеңімпазды/-дарды анықтау үшін жеткілікті негіз болып табылады.
- 1.7. Акция Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) «Ойын бизнесі туралы» Заңына сәйкес ынталандырушы лотерея, бәс тігу, тотализатор, құмар ойын немесе тәуекелге негізделген өзге де ойын болып табылмайды.
- 1.8. Акцияны өткізу аумағы: Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР).
- 1.9. Акцияны өткізудің жалпы мерзімі: 2024 жылдың 1 наурызынан бастап қоса алғанда 2024 жылдың 1 мамырына дейін (бұдан әрі мәтін бойынша – «Акцияны өткізу кезеңі»).
- 1.9.1. **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Акцияға 2024 жылғы 1 наурыздың Астана уақыты бойынша сағат 08:00-ден бастап 2024 жылғы 1 мамырдың Астана уақыты бойынша сағат 20:00-ге дейін (бұдан әрі – қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі) қатысуға болады.

2. Акцияға қатысу шарттары мен шектеулері.

- 2.1. Ломбардтың Акциясына қатысу үшін бір мезгілде келесідей шарттар сақталуы қажет:
 - 2.1.1. Акцияға ломбардтың барлық клиенттері қатыса алады: 18 жастан асқан, Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – клиенттер);
 - 2.1.2. Клиентке ҚР аумағындағы Ломбардтың кез келген бөлімшесінде кемінде 30 000 (отыз мың) теңге сомаға микрокредит рәсімдеуі қажет;
 - 2.1.3. Клиент өзінің қолданыстағы ұялы телефон нөмірін көрсетуі керек;
 - 2.1.4. Акцияға 2024 жылдың 1 наурызынан бастап қоса алғанда 2024 жылдың 1 мамырына дейін рәсімделген кепіл билеттері қатысады.
 - 2.1.5. Акцияға «Стандарт» және «Қарыз алушыны қайта қаржыландыру» өнімдеріне сәйкес сыйақы мөлшерлемесі бойынша рәсімделген кепіл билеттері қатысады.
 - 2.1.6. Микрокредит сомасын ішінара немесе толық өтей отырып, микрокредит рәсімделген күннен бастап кемінде 20 күнге сыйақы төленген жағдайда кепіл билеттері ұтыс ойынына қатысады.
- 2.2. Бір клиентке акцияға қатысатын қолданыстағы кепіл билеттерінің саны шектеусіз.
- 2.3. Акция жеңімпаздары кепіл билетінің нөмірі бойынша анықталады, қайта кепілге қою кезінде негізгі (бастапқы) билеттің нөмірі ғана ұтысқа қатысады.
- 2.4. Акцияға қатысуға ломбард қызметкерлері, ломбардтың үлестес жеке тұлғалары және ломбардпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар, сондай-ақ акцияға қатысу кезінде 18 жасқа толмаған тұлғалар жіберілмейді.
- 2.5. Акция басталғанға дейін микрокредит рәсімдеген клиенттер ұтыс ойынына қатыспайды. Акцияға қатысу үшін клиенттер акцияны өткізу басталғанға дейін рәсімделген микрокредиттерді мерзімінен бұрын өтеп, Акцияны өткізу кезеңінде микрокредит рәсімдеуге құқылы.

3. Призовой фонд Акции.

- 3.1. Акцияның жүлде қоры Акцияны ұйымдастырушының ақшалай қаражаты есебінен қалыптастырылады және мынадай жүлделерден (бұдан әрі – жүлде) тұрады:

Розыгрыш	Наименование	Кол-во, шт.
Жұлделер	Салмағы 1-ден 2 граммға дейінгі зергерлік бұйымдар (сырғалар, кулондар, білезіктер, сақиналар)	300

3.2. Жұлделердің сыртқы түрі, дизайны, атауы сайттағы, мобильді қосымшадағы және жарнамалық материалдардағы суреттерден өзгеше болуы мүмкін. Акцияны ұйымдастырушы өз қалауы бойынша жұлделердің атауын өзгертуге құқылы.

4. Жеңімпаздарды анықтау үшін ұтыс ойындарын өткізу тәртібі.

4.1. Акцияны өткізу кезеңінде төменде көрсетілген кестеге сәйкес ұтыс ойындары өткізілетін болады**:

4.2. Ұтыс ойындарының күндері

Ұтыс ойындарының күндері	Қатысушылар
1 кезең – 12 сәуір 2024ж.	Осы Ереженің 2.1.-тармағына сәйкес 2024 жылғы 1 наурыз бен 20 наурыз аралығында микрокредит рәсімдеген және қоса алғанда 09.04.2024 ж. дейін, кемінде 20 күн үшін сыйақы төлеген клиенттер.
2 кезең – 2 мамыр 2024ж.	Осы Ереженің 2.1.-тармағына сәйкес 2024 жылғы 21 наурыз бен 10 сәуір аралығында микрокредит рәсімдеген және қоса алғанда 30.04.2024 ж. дейін, кемінде 20 күн үшін сыйақы төлеген клиенттер. Осы Ереженің 2.1.-тармағына сәйкес 2024 жылғы 1 наурыз бен 20 наурыз аралығында микрокредит рәсімдеген және қоса алғанда 09.04.2024 ж. дейін, кемінде 20 күн үшін сыйақы төлеген клиенттер.
3 кезең – 23 мамыр 2024ж.	Осы Ереженің 2.1.-тармағына сәйкес 2024 жылғы 11 сәуір мен 1 мамыр аралығында микрокредит рәсімдеген және қоса алғанда 20.05.2024 ж. дейін, кемінде 20 күн үшін сыйақы төлеген клиенттер. Осы Ереженің 2.1.-тармағына сәйкес 2024 жылғы 1 наурыз бен 1 мамыр аралығында микрокредит рәсімдеген және қоса алғанда 20.05.2024 ж. дейін, кемінде 20 күн үшін сыйақы төлеген клиенттер. 2024 жылғы 1 наурыз бен 1 мамыр аралығында рәсімделген билеттер, егер сыйақы 21 мамырда және кейінірек төленген жағдайда ұтыс ойынына қатыспайды.

*** Жұлделер ұтыс ойындарының кестесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін ескере отырып өзгертілуі мүмкін.*

4.3. Жеңімпаздарды анықтау үшін осы Ереженің 2-тармағына сәйкес Акцияға қатысу үшін барлық шарттарға бір мезгілде сәйкес келетін Акцияның барлық қатысушыларының кепіл билеттерінің нөмірлері ескерілетін болады.

4.4. Жеңімпазды анықтаған кезде Акцияны ұйымдастырушы ұтыс ойыны өткізілген сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде байланысатын жеңімпазды анықтайды.

4.5. Жеңімпаздарды анықтау Ломбардтың жауапты қызметкерлері құрамындағы комиссия мүшелерінің қатысуымен, кездейсоқ сандар генераторының веб-сайттарында жеңімпаздарды кездейсоқ іріктеу жолымен жүзеге асырылады.

4.6. Жеңімпаздарды анықтау процессі Ломбардтың @Lombard_kz Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирде барлық іс-шараларды бейнежазбаға түсіру арқылы өтеді.

4.7. Жұлделер ұтысының нәтижелерін комиссия мүшелері осы Ереженің №1 қосымшасына сәйкес хаттамалайды.

5. Хабарлау және жұлделерді тапсыру тәртібі.

5.1. Жеңімпаз анықталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде Ломбардтың жауапты қызметкері оған ұтыс туралы телефон арқылы хабарлайды.

5.1.1. Егер Акцияны ұйымдастырушы ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде негізгі Жеңімпазбен байланыса алмаған жағдайда, тиісті жұлдені алудан құқығынан айырылады, ал Акцияны ұйымдастырушы мұндай жұлдені өз қалауы бойынша билік етуге құқылы. Жеңімпаз микрокредитті рәсімдеу кезінде мекен-жайын, аты-жөнін, телефон нөмірі немесе басқа да ақпараттар мен деректерді дұрыс көрсетпегеніне Акция ұйымдастырушылары жауапты емес. Бұл ретте жеңімпаздардың Ломбардтан қандай да бір өтемақы алуға құқығы жоқ.

5.2. Жұлдені алу үшін Жеңімпаз деп танылған Акцияға қатысушы сыйлықты алған күні келесі іс-әрекеттерді орындауға міндетті:

- 5.2.1. Ломбардтың жауапты қызметкері көрсеткен мекен-жай бойынша ломбард бөлімшесіне жеке куәліктің көшірмесін ұсынуға;
- 5.2.2. Осы Ереженің №2 қосымшасына сәйкес Акция ұйымдастырушысының қалауы бойынша барлық ресурстарда оның қатысуымен фото және бейне материалдарды жариялауға келісімге немесе бас тартуға қол қоюға.
- 5.2.3. Ломбард бөлімшесінде ұтысты алу үшін қажетті құжаттарға қол қоюға.
- 5.3. Жеңімпаздың осы Ереженің 5.2.-тармағында аталған құжаттарды ұсырудан және оларға қол қоюдан бас тартса Жеңімпаздың жүлдені алудан бас тартуына теңестіріледі, ол үшін Акцияны ұйымдастырушы жауапты болмайды.
- 5.4. Сыйлық Жеңімпазға оны алған/тапсырған сәтте ауысады, сол сәттен бастап сыйлықты жоғалтуға, оның иелігіне және өкіміне байланысты тәуекел үшін жауапкершілік Жеңімпазға ауысады.
- 5.5. Жеңімпаз 5.2. тармақшасында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынған күннен бастап Акция ұйымдастырушысы 10 жұмыс күні ішінде жеңімпазға сыйлықты табыстайды.
- 5.6. Акция ұйымдастырушысы Жеңімпаздарға сыйлықтарды қоса алғанда 15.06.2024ж. дейін беруге құқылы.
- 5.7. Сыйлықты Жеңімпазға/Сыйлықты алушыға беру, тиісті құжатқа (актіге) Ломбардтың жауапты қызметкері және Жеңімпаздың/Сыйлықты алушының қол қоюымен расталады.

6. Басқа шарттар.

- 6.1. Акцияға қатысу фактісі Акцияға қатысушылар өздерінің келісімімен Акция ұйымдастырушысы Акцияның өткізілуіне байланысты кез келген жарнамалық және (немесе) ақпараттық материалдарда қандай да бір төлемсіз есімдерін, әкесінің атын, тегін, фотосуреттерін, бейне, аудио-және өзге де материалдарды одан әрі пайдалана алатындығымен келісетінін білдіреді. Акция жеңімпазы бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбаттасуға және осы Акцияның өткізілуіне байланысты дайындалған жарнамалық материалдар үшін, оның ішінде оларды коммерциялық мақсатта пайдалану үшін оған қандай да бір сыйақы төлемей-ақ түсіруге өз келісімін береді. Мұндай жарнамалық материалдарға барлық құқықтар Акцияны ұйымдастырушыға тиесілі.
- 6.2. Акцияны ұйымдастырушы осы Акцияның шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Акцияның ұтыс ойынының шарттары мен мерзімі өзгерген жағдайда, ломбард бұл туралы осы Акцияның жаңа нұсқасы күшіне енгенге дейін кемінде 5 күн бұрын жаңа нұсқасын Lombard.kz сайтына және Instagram әлеуметтік желісінде @Lombard_kz парақшасында орналастыру арқылы хабарлайды. Сонымен қатар, Акцияны ұйымдастырушы маркетингтік және/немесе ақпараттық материалдарды ұсына отырып, Акцияға қатысушыларды осы Акцияға енгізілген өзгерістер туралы хабардар етуге құқылы.
- 6.3. Акцияға қатысушылар осы Акцияға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуін өз бетінше қадағалауға міндеттенеді.
- 6.4. Егер Клиент осы Акцияның шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаса және/немесе клиентке осы Акцияның шеңберінде берілетін қандай да бір артықшылықтарды және/немесе көтермелеулерді теріс пайдаланса және/немесе серіктестерге жаңылыстыратын немесе дұрыс емес ақпарат берсе, Акцияны ұйымдастырушы ескертусіз Ломбардтың жауапты қызметкерінің (қызметкерлерінің) шешімі негізінде осы Акцияға қатысушылар қатарынан кез келген клиентті алып тастауға құқылы.
- 6.5. Акция бойынша сыйлықты Жеңімпазға беру кезінде салық салу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес, табыстың белгіленген мөлшерлемесі бойынша жүзеге асырылады.
- 6.6. Ұтыс ойынына қатысушылардың дербес деректері Қазақстан Республикасы заңнамасының, атап айтқанда «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес, құпия түрде сақталады және өңделеді.

**«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-
де «Көркем көктем» маркетингтік акциясын
өткізу ережесіне №1 Қосымша**

Ұтыс ойынының хаттамасы

№ _____ Ұтыс ойыны
Ұтыс ойынын өткізу күні _____

№	Сыйлықтың атауы	Ұтыс ойыны тізіміндегі жеңімпаз нөмірі	Кепіл билетінің нөмірі	Жеңімпаздың ТАӘ	Жеңімпаздың ЖСН
1.					
2.					
...

Біз, комиссияның төменде қол қойған мүшелері, жүлделер ұтысының нәтижелерімен келісеміз және ұтыс ойынының әділ өткенін растаймыз.

Қызметкердің ТАӘ _____

Қызметкердің ТАӘ _____

Қызметкердің ТАӘ _____

«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-де «Көркем көктем» маркетингтік акциясын өткізу ережесіне №2 Қосымша

Мен, _____, «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-не менің қатысуыммен фотосуреттер мен бейнелерді маған қандай да бір сыйақы төлемей жариялауға рұқсатымды беремін. Сондай-ақ, фотосуреттер мен бейнелерді жарнамаға, баспаға пайдалануға толық келісемін. Мен фотосуреттер мен бейнелерді түзету немесе автордың менің фотосуреттерім мен бейнелерімді жариялау құқығына араласу құқығынан бас тартамын. Мен фотосуреттер мен бейнелерді толық емес өңдеуге, кескінді өңдеуге, күңгірттеуге, бұрмалауға және өзгертуге, композицияларда қолданылатын оптикалық иллюзияларды әдейі де, байқаусызда да фотосурет пен бейненің соңғы нұсқасын жариялауға дайындық кезінде қолдануға рұқсат етемін.

Мен бұл фотосуреттер мен бейнелерге авторлық және мүліктік құқықтар туралы дауласпайтынымды растаймын.

Мен жоғарыда айтылған шарттармен қол қойылғанға дейін толық танысқанымды және келісетінімді растаймын.

Жеңімпаз _____

Күні _____

«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-де
«Көркем көктем» маркетингтік акциясы
бойынша жеңімпазға сыйлық беру үлгісі

СЫЙЛЫҚ АЛУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ

№	Т.А.Ә.	ЖСН	Ұялы телефон нөмірі	Кепіл билетінің нөмірі	Жұлдені алғанын растайтын қолы
1	Сериков С.С.	777777777 777	+7-777-777-77-77		
2					
3					